

«Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп - гимназиясы»КММ



**2024-2025 оқу жылындағы психологиялық
қызметтің атқарған жылдық жұмыс есебі**

Психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан көмек көрсету, психологиялық - педагогикалық зерделеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызмет осы жоспарға сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылында психологиялық қызмет **6 бағыт** бойынша жұмыс жүргізіліп келеді.

1. Диагностикалық бағыт
2. Түзету және дамыту бағыты
3. Консультативтік бағыт
4. Ағартушылық және профилактика бағыты
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс
6. Психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

Психологиялық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығына сүйене отырып құрылып, бекітілді. Бекітілген алты бағыт бойынша жекелеген жоспарлар құрылды. Жыл басында оқушылардың хал ахуалын бақылау мақсатында, класс жетекшілермен бірлесе отырып, бақылауды қажет ететін, дінге бейім, өгей әке анамен тұратын оқушылардың тізімі жасақталды. Оның ішінде жаңадан келген оқушылармен жеке әңгімелесу жүргізілді. Бейімделу жағдайы қиын 10г, 9а, 8д класқа келген оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді.

Жоспарға сәйкес, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында қыркүйек айының 6 - сы күні 5 -11 класс оқушыларына профилактикалық түсіндірме жұмыстары, оқушылармен. Оның ішінде (буллинг, кибербуллинг, зорлық – зомбылық, суицид, ұрлық) ашық әңгімелесулер айтылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шара барысында оқушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке шақыру мақсатында психологиялық қолдау тренинг жүргізілді.

Кеңес беру жұмысы бойынша оқушылардың жалпы психологиялық хал – ахуалдары мен психоэмоциональдық мінез – құлық деңгейлерінің жағдайын бақылау мақсатында 9 а, 10в, 8д, 6з, 9 д, класс оқушылары арасында топтық және жеке психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ашық әңгімелесу арқылы жеке кеңес берілді.



9-11 класс қыз балаларымен «Қызға айтар ақыл бар..» тақырыбында келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіру, оның алдын алу жолдары туралы мектеп медбикесінің қатысуымен ақыл-кеңестер айтылып психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.



Психологиялық қызмет бойынша білімалушылармен диагностика, консультация және тренингтер (топық, жеке) өткізу туралы оқушылардың ата – аналар тарапынан келісім шарттары жинақталды.

«Инклюзивті оқыту» бойынша «Ерекше» оқушыларға жоспар құрылып, кесте бекітілді. Кестеге сәйкес оқушылармен жеке түзету және дамыту жұмыстарының сабағы оқушымен күнделікті сабақ кестесіне сәйкес өтті. Бұл оқушылар ПМПК қорытындысы бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын қажет ететін оқушылар.

8-11 класс оқушыларына жүргізілген «Психикалық күйдің өзіндік бағасы» Айзенк тесті жүргізілді. Бұл сауалнама сыналушының психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға, сонымен қатар қобалжу, фрустрация, агрессия және ригидтілік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушының психикалық күйін, қобалжу, үрей, агрессиялық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Қорытынды нәтижесінде жалпы тестке қатысқан оқушылар саны - 901 оқушы.

Класы	Аты-жөні	Мазасыздық	Фрустрация	Агрессия	Ригидность (ырықсыз дық)
11 Б	Әндімбаева Назерке			16 балл	

10Г	Кадирханова Қарақат	16 балл			
8 Д	Талғатқызы Малика	16 балл			

Тест нәтижесі бойынша тесттен шыққан оқушылармен жартылай сұхбат жүргізіліп, 3 - оқушы әлі де бақылауға алынды. Бұл оқушылармен әлі де сұхбаттасу жұмысы жалғасады. Оқушылар бақылауға алынды.

5-класс оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу, бақылау мақсатында Н Лусканов әдістемесін пайдалана отырып, оқушылардың орта буынға бейімделу жағдайы зерттелді. Психологиялық зерттеуге 5-класс бойынша барлығы 385 – оқушы қатысты. Бұл әдістемелердің мақсаты, оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша оқушылардың мектеп өміріне бейімделу деңгейлерінің көрсеткіші төмендегідей:

Мектеп	Класс	Бейімделуі жақсы қалыптасқан оқушылар	Әлі де бейімделу үстіндегі оқушылар	Ұзақ мерзімді бейімделетін оқушылар
	5а- класс	27	1	
	5ә- класс	30		
	5б- класс	26		
	5в- класс	26	1	
	5г-класс	27		
	5ғ- класс	29		
	5д- класс	27	1	
	5е-класс	29	2	
	5ж-класс	28		
	5з-класс	30		
	5и-класс	29		
	5н-класс	24		
	5о-класс	27		
	5м-класс	26		
Барлығы			5	0

5 - класс оқушыларымен психологиялық зерттеу жұмысы жоғарыда айтылған әдістемелер бойынша жүргізілді. Жалпы 5-класс оқушылары мектеп жағдайына бейімделуі ұзақ жүрді. Себебі биыл оқушылар іріктеліп, гимназия кластары ашылды. Сол себепті оқушылар арасында және арасында түсінбеушілік жағдайлар көп болды. Қазіргі таңда оқушылардың психологиялық тұрақтылығы жақсы бейімделіп келеді, жеке тұлғалық интеллектуалдық даму деңгейлері бойынша және мінез - құлқының тұрақсыздығына байланысты әліде бейімделу үстіндегі

оқушылар бар. Олар: 5 «А» класс оқушысы Серікұлы Бекасыл, 5 «Б» класс оқушысы Қожабек Ернұр, 5 «В» Қуанышбек Алихан (инк), 5 «Е» класс оқушылары Қасым Арсен, Мәлік Ибрахим, бұл оқушылармен жеке бейімдеу түзету және дамыту жұмыстары жалғасады.

Қазан айының басында 1-класс оқушыларына мектеп қабырғасына бейімделу жағдайын зерттеу барысында «Керн Йерасек» әдістемесі жүргізілді. 1 класс оқушыларының деңгейі қалыпты, орташа деңгейде.

Оқушылардың жалпы бейімделу деңгейлері бойынша көрсеткіші төмендегідей:

Мектеп	Класс	Бейімделуі жақсы қалыптасқан оқушылар	Әлі де бейімделу үстіндегі оқушылар	Ұзақ мерзімді бейімделетін оқушылар
	1а - класс	32		
	1ә - класс	32		
	1б - класс	32		
	1в - класс	31		
	1г-класс	31	1	
	1ғ- класс	25		
	1д - класс	30		
	1е -класс	28		
	1ж -класс	29		
	1з-класс	26	1	
	1и-класс	30		
	1к-класс	29		
	1қ - класс	27		
	1м-класс	26		
	1н-класс	29		
Барлығы		453	2	0

Қорытынды: Оқушылардың жалпы бейімделу деңгейі қалыпты, оқушылар өзара бір – бірімен қарым – қатынасы тұрақты қалыптасқан. Оқушылар мектеп қабырғасына, мұғалімдеріне үйреніскен, өзара үйлесімділік орнаған. Жалпы класс бойынша қорытынды негізінде 1«Г» класында Шымырбек Хан, 1«З» класында Буйқытов Сардар есімді оқушылар әлі де бейімделу үстіндегі оқушылар. Оқушылармен педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жалғасады.

Мектепшілік бақылауды қажет ететін оқушылармен және мектепшілік есепте тұрған оқушылармен «Стресті қалай жеңуге болады?» тақырыбында жеке әңгімелесулер жүргізіліп, психологиялық қолдау жұмысы ұйымдастырлды. Жан ахуал психологиялық қолдау орталығымен бірлесе отырып, «Жеке шекаралардың негіздері және дене және эмоциялар шекаралары» тақырыбында 6-8 класс оқушылары арасында «Дене психологиясы» бойынша практикалық тренингтер жүргізілді. Жоспардан тыс, 5-11 класс жетекшілеріне «Қыз балалар бойындағы

психологиялық өзгерістер» тақырыбында ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру жұмысы бойынша оқушылардың жалпы психологиялық хал – ахуалдары мен психоэмоциональдық мінез – құлық деңгейлерінің жағдайын бақылау және қыз балалар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында 11-9 класстың қыз балалары арасында топтық психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ашық әңгімелесу арқылы жеке кеңес берілді.

Қараша айында 6 - 7 класс оқушылары арасындағы мазасыздық, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында, Филлипс сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесі бойынша мазсыздық деңгейі жоғары оқушылармен жартылай құрылымдық сұхбат жүргізілді.

№	Оқушының аты жөні	Класы	Мазасыздық деңгейі
1	Асылбек Айым	7с	Жоғары
2	Бисенова Инабат	7з	Жоғарыдан төмен
3	Жарыкова Томирис	6п	Жоғарыдан төмен
4	Ержігітов Алмаз	7а	Жоғары

Жоғарыда аталған оқушылар бақылауға алынып, түзету және дамыту жұмысы жалғасады. «Инклюзивті оқыту» бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жоспарға сәйкес, кесте бойынша жеке түзету және дамыту жұмыстарының сабағы бекітілген оқушылармен күнделікті сабақ өткізіліп келеді. Оқушылардың күнделікті психологиялық хал ахуалына байланысты кейбір тапсырмалар саны азайтылып, әр оқушының даму деңгейіне байланысты тапсырма деңгейі көбейтіліп отырылады. Қараша айы бойы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар жасалды. Мектебіміздегі ППҚ қызметін ұйымдастыру барысы бойынша мамандар арасында отырысы өтіп, әр оқушының даму деңгейлері бойынша қысқаша ұсыныстар қабылданып, әр түрлі форма құжаттары толтырылды.

Мектепішілік бақылауды қажет ететін оқушылармен және мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жеке әңгімелесулер жүргізіліп, психологиялық қолдау жұмысы ұйымдастырылды. 11 – класс оқушыларын психологиялық қолдау мақсатында «Сенімділік кілті» тақырыбында топтық кеңес сабақтары өткізілді. Оқушылардың пікірлері тыңдалып, ашық әңгіме болды.

Жоспардан тыс оқушыларды өмірге деген құштарлықтарын арттыру, өз өмірінің мәнін түсінуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге бағыт – бағдар беру мақсатында 9 – 11 класс оқушыларымен «Өмірді бағала!» тақырыбында профилактикалық кеңес өтті. 8 – класс қыз балаларымен жоспардан тыс «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті, отырыс барысында қыздарға кеңестер беріліп, жаднамалар таратылды. 10 – класс оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін, және бейімделу жағдайын анықтау мақсатында жүргізілді. Оқу мотивациясының деңгейін скринингті бағалау үшін Н. Г. Лусканова арнайы сауалнама жүргізілді.

Оқушы мотивациясын және бейімделу жағдайы:

Класс	Оқушы саны	Қалыпты Бейімделуі жақсы	Қарым-қатынасы орташа
10 «А»	29	Қалыпты	
10 «Ә»	30	Қалыпты	
10 «Б»	29	Қалыпты	
10 «В»	29	Қалыпты	
10 «Г»	30	Қалыпты	
10 «Д»	27	Қалыпты	

Қорыта келе, 10 а, 10ә, 10б, 10в, 10г, 10д класс оқушыларының арасында оқушы мотивациясы мен бейімделу жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.

Оқушыларға әлеуметтік желінің жағымды, жағымсыз жақтары, тәуелділік ықтималдылығы уақытты ұтымды пайдалану жолдары, тик – токтың пайдасы мен зияны туралы ұғындыру мақсатында 8-11 класс оқушыларына «Жасөспірім өміріндегі интернет» тақырбында отырыс өтті. Жоспардан тыс мектеп педагогтарының көңіл күйін көтеру мақсатында «Шоколад дей» іс – шарасы ұйымдастырылып, ұстаздар белсенді қатысты.

Сұраныс бойынша кеңес беру жұмысы бойынша оқушылардың жалпы психологиялық хал – ахуалдары мен психоэмоциональдық мінез – құлық деңгейлерінің тұрақсыз болуына байланысты 9з, 5з, 5д, 5е, 7б, 3ж класс оқушылары арасында топтық және жеке психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ашық әңгімелесу арқылы жеке кеңес берілді. Класс жетекшілер тарапынан сұраныс бойынша, бастауыш класс оқушыларының психологиялық даму ерекшелігін зерттеу мақсатында 1б, 1к, 1қ, 2а, 4к класс оқушылары жеке зерттеліп, класс жетекшілеріне ұсыныс берілді. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың класс жетекшілерімен «Баланың жүрегінен жол табу» тақырыбында класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне арналған семинар – практикум өткізілді. Семинарды өткізудегі басты мақсат – қазіргі таңдағы ерекше назардағы оқушылар санының өсуі мен ерекше білім алушы оқушыларымыздың жағдайын ескере отырып, қолайлы жағдай туғызу мен қоршаған-әлеуметтік ортаға бейімделу барысын бақылау және жүйелі жұмыс жүргізу. Семинар – практикум барысында класс жетекшілерге «Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы» бойынша таным қабілеттерінің деңгейі таныстырылып, тиімді әдістер мен қолдау жұмыстары ұсынылды. Соған қоса, инклюзивті оқыту бағдарламасы, педагогикалық-психологиялық қолдау, бейімдік білім беру бағдарламасы, педагог-ассистент қызметі, ЕББҚ бар оқушыларды әлеуметтік қолдау және т.б. мәселелер тұрғысында бағыт-бағдар беру, қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар, арнайы мамандардың негізгі қызметі мен ЕББҚ бар оқушыларға арналған бейімдік білім берудің жеке бағдарламалары ұсынылды.

7-11 класс қыз балаларымен «Ерте жүктіліктің алдын - алу» тақырыбында және келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіру, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға, ерте жастағы жүктілік, оның алдын алу жолдары туралы мектеп медбикесінің қатысуымен ақыл-кеңестер айтылып психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DEmlqfpMrwF/?igsh=MTluZXUwN3psZnFsNA==>

Сонымен қатар, қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында 6-7-8 класс қыз балаларына психологиялық кеңестер беріліп, «Мен үшін өмірде не маңызды» тақырыбында дәріс өткізілді.

9 класс оқушыларының кәсіптік бағыт – бағдар бойынша, мамандықтың айқын түрінің бейімділігін анықтау үшін жүргізілген «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов) жүргізілді.

Р/с	Класс	Адам-табиғат	Адам-техника	Адам-адам	Адам-белгілеу жүйесі	Адам-көркем бейне
1	9 «А»	7	6	5	3	1
2	9 «Ә»	5	4	5	4	8
3	9 «Б»	7	3	5	4	1
4	9 «В»	3	4	7	2	2
5	9 «Г»	4	5	4	4	1
6	9 «Ж»	5	2	7	1	1
7	9 «З»	5	4	7	2	1
8	9 «Д»	1	6	4	4	8
9	9 «И»	2	5	2	6	6
10	9 «К»	3	7	4	5	2
11	9 «Қ»	5	3	6	6	4
	Жалпы	47	49	56	41	35

Оқушыларды өздерінің мінез құлқын басқара білуге үйрету, өмірге деген күштарлықтарын арттыру, өз өмірінің мәнін түсінуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге Ішкі өзіндік күйзеліс уақытында одан қалай құтылуға болатындығы туралы бағыт – бағдар беру мақсатында 9-11 класс оқушыларымен «Жастардың мінез – құлқын басқару әдістері мен дағдыларын үйрету» тақырыбында жиын өтті.

Абай атамыз: "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалам" демекші кәсіп тандап, жұмыс табу үлкен өмірге қадам басқан жастардың басты мұрат-мақсаты десек артық емес. Осы орайда, 11 - класс оқушылары арасында "Мамандығым - өмір жолым !" тақырыбында отырыс өтті. Оқушыларға мамандықтар туралы мәлімет беріліп, тұлғалық және кәсіби өзін өзі табуына, тандау еркіндігінің дұрыстығына бағыт бағдар беріліп, «Қызыл диплом» киносынан үзіндісі талқыланып, оқушыларға психологиялық қолдау жүргізілді.

Психологиялық қызметі бойынша қаңтар айында, 7-11 класс оқушыларынан интернет желісіне тәуелділігін анықтау мақсатында анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны – 503 оқушы. Сауалнама арқылы баланың интернетке қызығушылығын бағалау барысында төмендегідей нәтиже берді.

Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 50 % -ы интернетке тәуелділіктерін өте сирек деп , ал 30 %-ы кейде, қалған пайызы әр-түрлі жауаптар берген. Интернетке тәуелділік мәселе ретінде қарастырылуы керек, себебі ол жасөспірімнің толыққанды дамуына кедергі жасай алатындығы байқалды.

Қараша – желтоқсан айлары аралығында Филлипс тесті бойынша 5,6,7 класс оқушылары зерттелінді. Тест мақсаты: оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау. Зерттеу нәтижесі бойынша төмендегі көрсеткішке ие болды.

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушылардың саны (себебі)	Сауалнама нәтижесі бойынша «Тәуекел топтағы» оқушы саны	Сұхбат нәтижесі бойынша анықталған оқушылар саны
795	0	2	2

Тест нәтижесі бойынша жартылай сұхбат барысында екі оқушы «Тәуекел» тобына бақылауға алынды. Себебі оқушылардың мазасыздық деңгейлері жоғары болды. Олар: 5 «О» Пазылов Самир және 7 «З» Бисенова Инабат. Оқушыларға психологиялық қолдау жұмысы бойынша жеке жоспар құрылып, оқушылармен күнделікті әңгімелесу жұмысы жалғасып, қолдау көрсетілуде.

1-11 класс жетекшілеріне және педагогтарға «Қыз балалардың бойындағы психологиялық өзгерістер» тақырыбында дәріс оқылып, Қыз балалар арасындағы психологиялық өзгерістер барысында қажетті көмек беру, оқушылардың күнделікті көңіл күйлерін бақылауға алып, психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Жоспардан тыс, жаңа жыл мерекесіне орай 25 желтоқсан күні «Жылы жүректен» тақырыбында жоғары класс оқушылары құттықтау хаттар жазып әдемі тілектерін өз ұстаздарына жолдап әдемі көңіл – күй сыйлады.

<https://www.instagram.com/reel/DEBzwdjo1Mp/?igsh=YnNxbnpmMWliMGY1>

Мектепшілік бақылауды қажет ететін оқушылармен жеке және топтық әңгімелесу «Өзгемен достаса аласыңба?» тақырыбында жүрді. Оқушылардың жеке мәселелері тыңдалып кеңес берілді. Биылғы оқу жылының басында 6 – оқушы мектепшілік есепте тұрды. Қаңтар айында есепте тұрған оқушылармен түзету және дамыту жұмысының жүргізу барысы құқықтық кеңес отырысында тыңдалып, жалпы тәртіп бойынша жақсы нәтиже көрсетіп жүрген 10 «г» класс оқушысы Ашықбаев Алишер , 9 «в» класс оқушысы Жолдыбаев Мадияр, 4 «е» Тәңірберген Нұрәлі атты оқушыларды мектепшілік есептен алу ұсыныс жасалды.


Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі – бұл жасөспірімдердің интернетті шамадан тыс және бақылаусыз пайдалануынан туындайтын психологиялық және мінез-құлықтық жағдай. Осы орайда Экономикалық тергеп-тексеру қызметінің майоры А.С Смаилов пен аға-лейтенант И.Т Есентаевтың қатысуымен “Лудомания:Жасөспірімдер үшін қауіпті жол!” тақырыбында 10-11 класс оқушыларына профилактикалық алдын-алу жұмыстары жүргізілді. Мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ Аманғосов Лудомания- психологиялық ауру болып табылатынын, ол адамның өміріне теріс әсер ететіні жөнінде мәліметтер берді. Сонымен қатар мектеп психологтары интернеттің пайдасы мен зияны туралы оқушылармен топтық жұмыс ұйымдастырды.




9-11 класс оқушыларынан ««Мамандығым - жетістік мерейім!» тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама барысында оқушылардың қандай мамандыққа қызығушылықтары бар екені, 9 - класты бітіргеннен кейінгі оқушылардың тандауы туралы сараланды.

№	Класс	Қатысқан оқушы саны
1	9 класс	292
2	10 класс	185
3	11 класс	132


Направление профессий который вы выбрали
185 человек




Направление профессий который вы выбрали
132 человека



После 9-го класса собираешься в колледж или 10 класс
292 человека



Класс
132 ответа



7-11 класс қыз балалар арасында «Жасөспірім өміріндегі интернет» тақырыбында отырыс өтті. Отырыс барысында қыз балаларға интернеттің тиімді әрі қауіпсіз пайдаланылуы жөнінде кеңестер беріліп, интернеттің психологиялық және әлеуметтік әсері, оның өз – өзіне сенімділік пен өзін өзі бағалауға ықпалы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспардан тыс «Қыз бойындағы өзгерістерге бір қадам...» тақырыбында дәріс оқылып ерте жүктіліктің алдын алуға байланысты кеңестер берілді.



Жас класс жетекшілермен әдістемелік көмек беру мақсатында «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу», буллинг және кибербуллингтің алдын алу, зорлық – зомбылыққа ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау бойынша түсіндірме жұмыстары мен алгоритімі туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар класс жетекшілерге *«Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс түрлері» тақырыбында оқушылармен жұмыс жасау тиімділігі туралы ақпарат берілді.*



Аутодиструктивті мінез - құлықты оқушылардың психологиялық тұрақсыздығын бақылау мақсатында кеңес беру жұмыстары қайта жүргізіліп, бақылауға алынды. Оқушылардың өз-өзін ұстай білуге үйрету, мейірімді болуға, басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету 6-7 класс «Өзгемен достаса аласыңба?» тақырыбында ашық отырыс өтті.

8 - 11 класс оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Спилберг және Ханин әдістемесі жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша төмендегі көрсеткішке ие болды.

8-11 сынып оқушыларын ың саны	Сауалнамаға қатысқан оқушылардың саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушылардың саны (себебі)	Сауалнама нәтижесі бойынша «Тәуекел топтағы» оқушы саны	Сұхбат нәтижесі бойынша анықталған оқушылар саны
893	893	0	1	1

Сауалнама нәтижесі негізінде жартылай сұхбат барысында, 8 «Ж» класс оқушысы Гацаева Анаистың мазасыздық деңгейі жоғары болып, оқушыға жеке жоспар құрылып, жоспар бойынша топтық және жеке қолдау жұмысы жүргізілді.

Қалалық жас директорлар семинары барысында «Көшбасшы келбеті» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен апталық түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. Әр оқушының психологиялық хал ахуалы күнделікті бақылауға алынып отыр.

Оқушыларды өмірге деген құштарлықтарын арттыру, өз өмірінің мәнін түсінуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге Ішкі өзіндік күйзеліс уақытында одан қалай құтылуға болатындығы туралы бағыт – бағдар беру мақсатында 7-9 класс **«Мен үшін өмірде не маңызды!»** тақырыбында профилактикалық кеңес өтті. Оқушылардың ойын ашық айта білуге , өмірге деген көзқарасын қалыптастыру мақсатында оқушылармен «Өмірді бағала», «Менің мінезім», «Ішкі күйзелісті қалай жеңеміз?» тақырыбында әңгімелесу жүргізіліп, психологиялық қолдау жұмысы өткізілді. Оқушылар осы тақырыпта өз ойларын ашық айта отырып, өз өмірінің мәнін түсінуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге, мінгез -құлықты қалай басқару керектігі туралы бағыт – бағдар алды.

<https://www.instagram.com/reel/DDMEWgcMa0f/?igsh=MWN0N3NhYnlybHg4cQ==>



«Баламен тиімді қарым –қатынас жасау тәсілдері»; «Отбасындағы зорлық-зомбылық» тақырыбында ата-аналармен жиын өтті. Баламен тиімді қарым – қатынас жасау тәсілдері туралы ақпарат беріп, «Отбасындағы зорлық-зомбылық» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.

7-11 класс қыз балалар арасында «Жасөспірім өміріндегі интернет» тақырыбында отырыс өтті. Отырыс барысында қыз балаларға интернеттің тиімді әрі қауіпсіз пайдаланылуы жөнінде кеңестер беріліп, интернеттің психологиялық және әлеуметтік әсері, оның өз – өзіне сенімділік пен өзін өзі бағалауға ықпалы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспардан тыс «Қыз бойындағы өзгерістерге бір қадам..» тақырыбында дәріс оқылып ерте жүктіліктің алдын алуға байланысты кеңестер берілді.

5 - 11 класс оқушыларына жүргізілген А.Н Волкованың «Балалар мен жасөспірімдердегі суицид қаупінің болжамдық кестесі» әдістемесінің нәтижесі бойынша төмендегідей нәтиже берді.

Әдістеме атауы	Қатысқан бала саны	Анықталған бала саны
А.Н Волкованың «Балалар мен жасөспірімдердегі суицид қаупінің болжамдық кестесі»	2006	2

Әдістеме негізінде анықталған оқушылармен жеке жартылай сұқбат жүргізіліп, оқушыларға кеңес берілді.

4 – тоқсанда «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі бойынша 5-7 класс оқушылары зерттелінді. Әдістеме мақсаты: адамның жеке ресурстарын, қорғаныс механизмдерінің ерекшеліктерін, қолайсыз жағдайларды жеңу қабілетін және бейімделу мүмкіндіктерін диагностикалауға бағытталған. Зерттеу нәтижесі бойынша төмендегі көрсеткішке ие болды.

№	Әдістеме атауы	Қатысқан бала саны	Анықталған бала саны
1	«Жаңбыр астындағы адам»	1143	1

Бұл әдіс негізінді 5 «О» Пазылов Самирге психологиялық қолдау мақсатында, оқушымен әңгімелесу жұмысы жалғасып, қолдау көрсетілді.

С.Г Корчагинаның «Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі бойынша 8-11 класс оқушылары зерттелінді. Әдістеме мақсаты: адамның қазіргі кездегі жалғыздық деңгейін (тереңдігін) анықтауға мүмкіндік береді.3 ерттеу нәтижесі бойынша төмендегі көрсеткішке ие болды.

№	Әдістеме атауы	Қатысқан бала саны	Анықталған бала саны
1	С.Г Корчагина «Жалғыздықты сезіну шкаласы»	863	0

Бұл жүргізілген әдістер арқылы оқушылардың жалпы психологиялық эмоционалдық деңгейлері сараланды. Бақылауға алынған оқушыларға жазғы каникул уақытында ата - ана тарапынан қолдау көрсету мақсатында ата -аналарға кеңес берілді.

22 мамыр күні «Бірге жеткен биіктер: мектеп пен ата – ананың бірлескен жолы» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында жазғы каникул уақытында «Оқушылар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын-алу» тақырыбында оның ішінде (ерте жүктілік, буллинг, кибербуллинг, өз-өзіне қол салу) тақырыптарында сөз қозғалып, ата – аналарға психологиялық қолдау жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

Сенім телефоны» және «Сенім жәшігіне» түскен қоңыраулар мен хаттарға жауап беру (үнемі) жүргізіліп отыр. Осы жарты жылдықта 6- хат келіп түсті. Сенім телефонына 3 қоңырау соғылып жауап берілді. Бұл түскен хаттар мен қоңыраулар журналға тіркелді.

Психологиялық қызметтің жоспар бойынша жасалған жылдық жұмыстарын талдау барысында әлді және әлсіз жақтары анықталды.

Әлді	Әлсіз
1.Психологиялық қызмет жұмысының жолға қойылуы. 2.Психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жоспарға сәйкес әр класс бойынша зерттелді.	1. Класс жетекшілермен бірлескен психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын әлі де көбейту. 2. Оқушылармен профилактикалық алдын-алу жұмыстарды күшейту. ✓ Ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары; ✓ Аутодеструктивті мінез - құлықты оқушылармен жұмыс;
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
1. Әр класс бойынша жүргізілген психологиялық диагностиканың қорытындысының және	1. Оқушылардың психологиялық мінез - құлқының тұрақсыздығы, ата-ананың балаға аз көңіл бөлуі.

оқушылармен жеке әңгімелесу
кеңес беру жұмыстарының нәтижелі
болуына психологиялық көмек
көрсету.

Мектеп – гимназия психологтары



Жадырасынова С.М



Алдамжарова А.Б



Хасенова А.С